



Газет 1935 жылғы қазан айынан шығады

АЛАКӨЛ

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Районная общественно-политическая газета

№9 (8095) 02. 03. 2024.
Сенбі / Суббота

Аудан әкімі А.Абдиновтың Алғыс айту күнімен ҚҰТТЫҚТАУЫ

Құрметті Алакөлдіктер!

Баршаңызды 1 наурыз – Алғыс айту күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Бұл мейрам – өзара құрмет пен сенімнің, мейірім мен ізгіліктің мерекесі.

Алғыс айту күні – Қазақстан халқының бірлігін паш етеді, мейірімділіктің, өзара көмек пен жақсылықтың жаршысы болып саналады. Бүгінгі күн әр адам жақсылығы үшін алғыс алып, өзіне көрсетілген көмек, демеу үшін ризашылығын білдіретін күн.

Көктемнің алғашқы күнінде – тіршілік атаулы жанданып, жер-дүние жаңаратын кезеңде атап өтуі бұл мерекеге ерекше сән береді.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқы Ассамблеясының «Әділетті Қазақстан: бірлік, тұрақтылық, даму» атты XXXII сессиясында: «Ынтымағы бекем жұрттың болашағы баянды болады. Біз бәріміз бір ел болып, татулық пен тұрақтылықты сақтау үшін еңбек етеміз» деп атап өтті. Қандай қиын кезеңде де ел тағдыры үшін ұйыса білетін ұлтымыздың ынтымақтығы баға жетпес байлығымыз. Ел бірлігін нығайту және Отанымызды өркендету – баршамыздың қасиетті борышымыз.

Ауданның әлеуметтік-экономикалық даму жылдамдығы жеделдесе, ол еңбектің ішінде сіздердің де үлестеріңіз мол. Бақытты болашақ - сіз бен біздің жұдырықтай жұмылып атқарар жемісті еңбегімізді қажет етері сөзсіз.

Қазақстан қоғамының келісімі мен татулығы – жарқын болашақтың берік іргетасы. Қазақстандағы 100-ден аса этностың әрқайсысы өзінің қайталанбас өрнегін салуының нәтижесінде біз біртұтас ұлтқа айналып отырмыз. 16 ұлттың өкілі тату-тәтті өмір сүріп жатқан біздің ақ айдынды Алакөл ауданы да болашаққа нық сеніммен қадам басып келеді.

Қадірменді жерлестер!

Баршаңызды мерейлі мереке Алғыс айту күнімен құттықтай отырып, мол игілік, мықты денсаулық, отбасыларыңызға бақ-береке мен амандық тілеймін!

Еліміздің біртектілігі мен бірлігі нығая берсін!

ПОЗДРАВЛЕНИЕ акима района А. Абдинова с Днем благодарности

Уважаемые алакольцы!

От чистого сердца поздравляю всех с 1 марта – Днем благодарности!

Этот праздник - праздник взаимного уважения и веры, милосердия и добра.

День благодарности олицетворяет единство народа Казахстана, является предвестником добра, взаимопомощи и поддержки. Сегодня день, когда каждый человек получает благодарность за добро и выражает признательность за оказанную ему помощь и поддержку.

Особый колорит этому празднику придает тот факт, что он отмечается в первый день весны – в период возрождения жизни и обновления Земли.

Глава государства Касым-Жомарт Тоқаев на XXXII сессии Ассамблеи народа Казахстана «Справедливый Казахстан: единство, стабильность, развитие» отметил: «Только сплоченный народ ждет светлое будущее. Нам нужно неустанно трудиться во имя поддержания мира и стабильности в нашей стране. Солидарность нашей нации, которая сумеет сплотиться за судьбу страны, является бесценным достоянием в любой трудный период. Наш общий священный долг - укрепление единства народа и работа во имя процветания страны.

Согласие и мир казахстанского общества - прочный фундамент светлого будущего. В результате того, что каждый из более чем 100 этносов Казахстана имеет свое уникальное выражение, мы становимся единой нацией. Наш благодатный Алакольский район, где дружно живут представители 16 национальностей, уверенно шагает в будущее.

Дорогие земляки!

Поздравляем всех с праздником - Днем благодарности и желаем крепкого здоровья и благополучия вашим семьям!

Пусть укрепится единство и сплоченность нашей страны!



Тұрғындармен кездесу жалғасуда

Аудан әкімі А.Абдинов өңір халқымен өткен жылдың есебін қорытындылау мен алдағы мақсат-міндеттерді айқындау мақсатында ауыл тұрғындарымен кездесу шаралары жалғасуда.

Ынталы ауылдық округі

Аудан басшысы А.Абдиновтың Ынталы ауылдық округінің тұрғындарымен кезекті кездесуі өтті.

Жиын барысында өңіріміздің әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштеріне тоқталып, өткен жылы атқарылған ауқымды жұмыстарды қорытындылады.

Ынталы ауылының тұрғындары өздерін толғандырған өтініштерін жеткізе отырып, қант қызылшасын өсіру мәселесімен жүгінді. Аталған мәселеге аудан әкімі толығымен жауап беріп, округ әкіміне бірқатар тапсырмалар жүктеді.

Ауыл тұрғындарымен жеке қабылдау өтіп, 2 азамат жеке мәселелерін жеткізді. Атап айтсақ, жер және ұрлық мәселелерімен жүгінді.

Сондай-ақ, аудан әкімінің орынбасары А.Қабаев ауыл шаруашылығындағы бос жерлер бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізсе, Алакөл АПБ бастығының бірінші орынбасары, полиция подполковнигі Ерлан Маржимбаев ауыл тұрғындарына телефон алаяқтарынан сақтану жолы туралы баяндап өтті.

Бескөл ауылдық округі

Аудан әкімі А.Абдинов жұмыс кестесіне сәйкес Бескөл ауылдық округінің тұрғындарымен кездесіп қайтты.

Алдымен, 2023 жылы өңіріміздің әлеуметтік-экономикалық дамуы барысында атқарылған жұмыстарды қорытынды-



лап, есеп берді.

Бескөл ауылдық округінің тұрғындары тарапынан округке қарасты бірқатар өзекті мәселелер көтерілді. Атап айтсақ, Бұлақты ауылындағы ауыз су мәселесі, учаскелік полиция қызметкеріне қызметтік үй беру, қант қызылшасын өсіруге машина-трактор стансасын ашу, Бескөл ауылдық саябағын абаттандыру, қанғыбас иттер, тұрғын үйді жекешелендіру, көпқабатты тұрғын үйдің шатырының қирауы, мобильді интернет жүйесі мәселелері көтерілді. Аудан басшысы әр тұрғынның өтінішіне заңға сәйкес тиісті жауап ұсынып, енді бірін шешу үшін бөлім басшылары мен округ әкіміне тапсырмалар жүктеді.

Аудан әкімі ауыл тұрғындарын жеке мәселелері бойынша қабылдады. Қабылдауға 4 азамат жүгінді. Нақтылап өтсек, баспана мәселесі, Бескөл ауылдық мәдениет үйіне түрлі үйірмелер ашу, қатты отын қажеттілігі туралы өтініштер көтерілді.

Алакөл ауданының прокуроры, аға әділет кеңесшісі Ерлан Қасымбаев ауыл тұрғындарына телефон алаяқтарынан сақтану жолы, ауыл шаруашылығы жа-

нуарларын ұстау тәртібі және отбасындағы бала тәрбиесі жөнінде ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізді.

Ақтүбек ауылдық округі

Бүгін аудан әкімінің кезекті кездесуі Ақтүбек ауылдық округімен жалғасты.

Алдымен, аудан басшысы округ тұрғындарына ауданның даму перспективалары мен әлеуметтік-экономикалық өсуі бойынша өткен жылды қорытындылап, есеп берді.

Кездесуге аудандық бөлім, мекеме басшылары, құқық

қорғау органдары мен БАҚ өкілдері қатысты.

Кездесуде аудан әкімі Ақтүбек ауылдық округі тұрғындарының округке қатысты және жеке мәселелерін тыңдап, тиісінше жауапты мекеме өкілдеріне тапсырмалар берді. Нақтылап өтсек, көшеде бос жүрген иттер, жер мәселесі, жарықтың сенуі, Қабанбай және Тастанбек көшелерінің төменгі жағындағы электр бағандары мен трансформаторларға жөндеу жұмыстарын жүргізу өтініштері көтерілді.

Сондай-ақ, аудан әкімі жеке қабылдау өткізді. Қабылдауға 2 азамат келіп, жер алу мәселесімен жүгінді. Аудан басшысы тарапынан жер ҚР Заңына сәйкес кезекпен берілетінін жеткізді.

Сонымен қатар, Алакөл ауданы әкімі аппаратының жалпы бөлімшесінің басшысы А.Абсаликова ауыл тұрғындарына «Ресми тәртіпте Е-ӨТІНІШ жасау- проблемалық мәселені мемлекеттік органдармен бірге шешудің тиімді тәсілі» атты тақырыбында түсіндіріп өтті.

А.МҰРАТ,
аудан әкімінің баспасөз хатшысы.

Кәсіпкерлер мәселесі көтерілді



Жетісу облысының кәсіпкерлер палатасы Алакөл ауданының кәсіпкерлерімен кездесу өткізді. Бұл жиынға Жетісу облысы кәсіпкерлер палатасының төрағасы Д.Б.Оңалбаев, Жетісу облысы кәсіпкерлер палатасы атқарушы директорының сала-

лық даму жөніндегі орынбасары Б.Б.Мұсахан, Алакөл ауданының прокуроры Е.Қ.Қасымбаев, аудан әкімінің орынбасары А.М.Қабаев, Алакөл ауданының кәсіпкерлер кеңесінің төрағасы Д.Т.Қойшыбаев, облыстық кәсіпкерлер палатасының Алакөл аудандық фи-

лалының басшысы А.Б.Тоқтабаев қатысты.

Алдымен Д.Т.Қойшыбаев сөз сөйлеп, жиналысты ашқан соң, Д.Б.Оңалбаев кәсіпкерлерді қолдау үшін қандай жұмыс істеліп жатқанын айтып өтті. Содан кейін А.Қабаев сөз сөйлеп, аудандағы ауыр шаруашылығы саласы туралы айтып өтті.

Кәсіпкерлердің көтерген мәселелердің қатарында жүгері дақылдарын сату, өткізу мәселесі, туристік саладағы, статистикалық есептер, субсидиялау, гранттар, «Ауыл аманаты» бағдарламасы шеңберінде жеңілдетілген несиелеу және тағы басқа мәселелер көтерілді.

Кейбір сұраққа сол жерде жауап табылса, тағы біршамасын Жетісу облыстық кәсіпкерлер палатасының өкілдері үлкен жиындарда көтереміз деп уәде берді.

А.СҮЛЕЙМЕН.

Терроризмге қарсы оқу-жаттуғы жиыны өтті




Терроризммен күрес – ел тыныштығын, ұлттың бірлігін сақтаудың амалы. Сақтансаң ғана сақтайды. Ол үшін күштік құрылымдар, БАҚ, ТЖМ, әкімшілік секілді мекемелердің бәрі дерлік жұмылған жұдырықтай жұмыс істеп, жаһанды жалмаған дертті құрықтауға көмектесу керек. Міне, сол үшін де оқу-жаттуғы жиыны өтіп, әркім не істеу керек екенін толықтай білгені абзал.

Осы үшін де 26 ақпанда Үшарал қаласындағы «Алакөл Су» ғимаратында терроризмге қарсы оқу-жаттуғы өтті. Бұл шараның мақсаты – құқық қорғау және арнайы органдардың күштері мен құралдарын террористік сипаттағы түрлі қауіп-қатерлерге ден қоюға дайындығын тексеру.

Іс-шараға аудандық жедел штаб мүшелері мен жеке құрамы толық құрамда және арнайы техникалар жұмылдырылды. Оқу-жаттуғы барысында құзырлы органдардың оқиғаны алдын алу және салдарымен күресу кезіндегі өзара іс-әрекетіне ерекше мән берді. Ұрыс алаңына барлау және бақылау жүргізу жұмыстарымен қатар оқыс оқиғалар мен төтенше жағдайлардың алдын алу мақсатында тиісті шаралар қажетті уақытында ұйымдастырылды.

А.ӘБИТҰЛЫ.



Вакцинамен басқарылатын жұқпалы аурулар

Вакцинация арқылы қандай жұқпалы аурулардың алдын алуға болады?

Вакцинация - халықты жұқпалы аурулардың пайда болуы мен таралуынан қорғаудың ең тиімді құралдарының бірі.

Вакцинация – ата-аналар үшін балаларын жұқпалы аурулардың ауыр зардаптарынан қорғаудың жалғыз, ең тиімді және баламасы жоқ әдіс.

Вакцина бұл - вакцинамен басқарылатын инфекциялардың барлығына қатысты. Қазіргі кезде елімізде вакцинамен басқарылатын инфекциялардың қатарына 20 инфекция кіреді.

Тарихқа көз жүгіртетін болсақ, шешек індетімен ауырған ондаған миллион адам болды. Тағы ондаған миллионы көз жұмды. Бұл індеттің «қара шешек» деп аталуы да содан. 1979 жылы Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы (ДДСҰ) шешек вирусының бұдан былай адам популяциясында тіркелмегенін жариялады. Бұған нақты вакцинация арқылы қол жеткізілді, сондықтан адамзаттың бұл жетістігі адамдардың өмірін сақтап қалуға бағытталды. Дифтерия, көкжөтел, қызылша індеттерімен ауырған және қаза болғандардың көрсеткіші жоғары еді. Бүгінгі таңда бұл аурулар «вакцинамен басқарылатын инфекциялар» деп аталатындықтан және профилактикалық епелердің арқасында аурулардың көрсеткіші төмендеді.

Медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде халыққа 20 инфекциялық ауруға қарсы профилактикалық егулер, оның ішінде В вирустық гепатиті, туберкулез, көкжөтел, дифтерия, сіреспе, полиомиелит, гемофильді инфекция, пневмококкты инфекция, қызылша, қызамық, эпидемиялық паротит сияқты 11 жұқпалы ауруға қарсы Ұлттық күнтізбеге сәйкес жоспарлы профилактикалық егулер және эпидемиологиялық көрсеткіштер бойынша құтырма, іш сүзегі, көктемгі-жазғы кене энцефалиті, оба, коронавирустық инфекция, «А» вирустық гепатиті, тұмау, сібір жарасы, туляремия сияқты 9 жұқпалы ауруға қарсы профилактикалық егулер жүргізіледі.

Елімізде полиомиелиттің алдын алу жөніндегі ұлттық бағдарламаны іске асыру Қазақстан Республикасына полиомиелиттен

азат елдердің қатарына кіруге мүмкіндік берді.

Иммунопрофилактика қызметінің негізгі мақсаты - әр баланың уақтылы және толық вакцинациялануы. Осы мақ-

саттар үшін республикалық және жергілікті бюджеттердің қаражатынан Ұлттық егу күнтізбесіне сәйкес және эпидемиологиялық көрсеткіштер бойынша балалар мен ересектерге имундауды тегін жүргізу үшін жыл сайын жеткілікті қаржы бөлінеді.

Вакцинация қайда, қашан және кімге жасалады?

Дені сау жаңа туған нәресте перзентханада, В вирустық гепатитіне қарсы алғашқы 12 сағатта және өмірдің 1-4 күнінде туберкулезге қарсы екеп алуы керек.

1 жасқа дейінгі балалар көкжөтелге, сіреспеге, дифтерияға, полиомиелитке, гемофильді инфекцияға, В вирустық гепатитіне, пневмококк инфекциясына қарсы вакцинацияланады.

1 жасында баланы қызылшаға, қызамыққа, паротитке және пневмококк инфекциясына қарсы егу керек.

18 айлық жасында көкжөтелге, дифтерияға, сіреспеге, полиомиелитке, гемофильді инфекцияға қарсы ревакцинация жүргізіледі.

6 жасында көкжөтел, дифтерия, сіреспе (АБҚДС) және қызылшаға, қызамыққа, паротитке (ҚҚП) қарсы ревакцинация алады.

16 жастағы жасөспірімдер мен ересектер әр 10 жыл сайын тұрғылықты жері бойынша немесе жұмыс, оқу орны бойынша емханаларда АДС-М вакцинасымен дифтерия мен сіреспеге қарсы егіледі.

Халықты уақтылы имундау және 95% - ға дейін қамту вакцинамен басқарылатын инфекциялар бойынша эпидемиологиялық жағдайды тұрақтандыруға, имундық қабат құруға мүмкіндік береді.

Профилактикалық егу немесе вакцинация балалар үшін де, ересектер үшін де өте маңызды. Сондықтан вакцинацияны егу күнтізбесіне сәйкес ерте жастан бастау керек.

Ауруды емдеуден гөрі алдын-алу оңай!

Г.АБИКЕНОВА,
Алакөл аудандық санитариялық эпидемиологиялық бақылау басқармасы басшысының м.а.



Бірыңғай уақыт белдеуі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 19 қаңтардағы № 20 қаулысына сәйкес «Қазақстан Республикасының аумағында уақытты есептеу тәртібі туралы» 2024 жылғы 29 ақпаннан бастап 2024 жылғы 1 наурызға қараған түні (сағат 00:00-де) уақытты 1 сағатқа артқа ауыстыруды көздейтін өзгерістер енгізілді.

Ыңғайлылықты қамтамасыз ету және проблемалық мәселелердің техникалық және практикалық тұрғыдан болмауын қамтамасыз ету мақсатында осы ауысуға дайындық тікелей орталық, жергілікті атқарушы органдардың, ведомстволық бағынысты ұйымдардың, ұлттық компаниялар мен жеке сектор ұйымдарының, оның ішінде әртүрлі салаларда қызмет көрсететін ұйымдардың бірқатар шараларды қарауын және қабылдауын талап етеді.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде, осы өзгерістер туралы алдын ала (1 ай ішінде) хабарлай отырып, бірыңғай уақыт белдеуіне көшудің техникалық мәселелерін уақтылы шешу бойынша барлық мүмкін шараларды қабылдауды сұраймыз.

2024 жылдың 1 наурызында сағат 00:00-ден бастап Қазақстанда бірыңғай уақыт белдеуі белгіленеді. Осылайша, 5-ші уақыт белдеуі (UTC+5) Қазақстан Республикасының бүкіл аумағына қолданылатын болады.

Астана, Алматы, Шымкент қалаларында және республиканың тағы 12 облысында сағат тілі өзгереді. Соның ішінде біздің облыста Жетісу. Осылайша, облыс тұрғындарына 2024 жылдың 29 ақпанынан 1 наурызға қараған түні (сағат 00:00) жергілікті уақытты 1 сағатқа артқа қою қажет.

Единый часовой пояс

В соответствии с Постановлением Правительства Республики Казахстан от 19 января 2024 года № 20 внесены изменения «О порядке исчисления времени на территории Республики Казахстан», предусматривающие перевод времени на 1 час назад в ночь с 29 февраля 2024 года на 1 марта 2024 года (в 00:00 часов).

В целях обеспечения удобства и отсутствия проблемных вопросов с технической и практической точки зрения подготовка к данному переходу требует рассмотрения и принятия ряда мер непосредственно центральными, местными исполнительными органами, подведомственными организациями, национальными компаниями и организациями частного сектора, в том числе, оказывающими услуги в различных сферах.

На основании вышеизложенного, заблаговременно (за 1 месяц) информируя о данных изменениях просим принять все возможные меры по своевременному решению технических вопросов перехода на единый часовой пояс.

Аналар кеңесі – ұлағат бесігі

«Адал азамат және тұғырлы тұлға бала кезден қалыптасады. Сондықтан біз жас ұрпақтың қауіпсіз әрі алаңсыз өмір сүруін қамтамасыз етуге тиіспіз»

ҚР Президенті Қ.ТОҚАЕВ
(Қазақстан Халқына Жолдауынан).

Ана – ұлт тәрбиешісі. Туған жер, Отан, Ана, десе тебіренбейтін жүрек жоқ шығар. Ана сыйлар қызы бар, атаны ардақ тұтар ұлы бар иманды, ибалы халықтың қашанда жүзі жарқын.

Жер жәннаты - Жетісу жеріндегі ҚХА жанындағы Жетісу облыстық Аналар кеңесі Республикалық Аналар кеңесінің «Мәдениетті ана - мәдениетті ұлт» жобасы аясында мейлінше белсенді жұмыс атқарып жатыр.

Ұшқан құстың қанатын талдыратын ұлан-ғайыр қазақ даласының қасиет қонбаған қиыры жоқ. Төрт құбыласы түгел құт. Осы құт қонған елдегі басты меже – сыйластық, тәлім-тәрбие. Осындай ұстанымды ұстанған аналар кеңесі бұл күнде шырылдап, тәрбиемізге кері әсерін тигізетін заманымыздағы жат әдеттермен арпалысып, ұрпақ тәрбиесіне өз үлестерін қосуда.

Осы орайда, облыстық аналар кеңесінің басшылығымен облысымызда бірнеше жоба жұмыс істейді. Өңіріміздің әр ауданында, аудандардың әр ауылдық округтерінде жастарға айтары бар, өмірлік тәжірибесі бай аналарымыз ұрпақ тәрбиесінің қиын да күрделі кезеңдерімен бетпе-бет келіп, аянбай еңбек етуде.

Осылардың ішінде Алақол аудандық аналар кеңесі де ұрпақ тәрбиесіне белсене араласып, ақылды әжелер, алтын құрсақты аналар, айтары бар ардагер ұстаздар) жас ұрпақты ұлттық рухта тәрбиелеуге үлес қосып, ата-баба дәстүрін жастар бойына дарытуға, дені сау, елжанды тұлға тәрбиелеуге еңбек етіп жүр. ХХІ ғасырдағы тасқындалған толассыз ақпараттар қоғамдағы күрделі өзгерістер мен даму қарқыны ағымында өмір сүріп жатқан жас ұрпақты тәрбиелеу – өте күрделі. Сондықтан да, халқымыздың ғасырлар бойы жинақтаған асыл да ұлы мұрасын пайдалана отырып, береке-бірлікті, ынтымақты, еңбек сүйгіштікті, ұлтаралық татулықты өмірлік ұстанымдарына ұштастыру арқылы жастарды тәрбиелеуді іске асырады.

«Тәрбиесіз алған білім – адамзаттың қас жауы» деп Әл-Фараби бабамыз айтқандай, еліктеушілік пен өсіре көрсекызарлық ұрпағымыздың бойына у сияқты таралып бара жатқандай. Өйткені, темекі шеккен қыз, есірткіге үйір бозбала, әскерден қашқан жігіт, ашылып-шашылып ата-анасын әлекке салып, асығыс үйлене қойып, артынша ажырасып жатқан жас шаңырақ, әкесіз не шешесіз қалып жатқан жас сәби, зорлық-зомбылық, ғаламторға тәуелділік, вейпқұмарлық!..

Бұл атамыздан қалған дәстүр ме еді?! Мұны не деп ұғуға болады? Қай елдің, қай ұлттың тәлім-тәрбиесі деп түсінеміз. Ата дәстүрі ана тілегі осы ма еді?! Уақыт, қоғам неше жерден кінәлі десек те, ақыл-ой, сана-сезім деген ізгі қасиетті табиғат әркімнің өз бойына береді ғой. Дана халқымыз «Ата көрген оқ жонар, ана көрген тон пішер» деп ұрпақ тәрбиесіне немқұрайды қарамауды, оларға адал жолды көрсетуді айтқан еді. Қалай болғанда да рухани азып-тозуға жол бермеуіміз керек. Ұрпағымыз азғындауға ұрынса, елдігімізден жүрдай



болуымыз ақиқат. «Естімеген ел де көп» дегендей, бұл күнде туған қызының етегін көтерген әке, туған ағасынан бала көтерген қыз, кішкентай балапандарға зорлық көрсеткен еркектер пайда болды! Сұмдық! Масқара! Біз қайда барамыз?!

Қазіргі таңда жастар арасында салт-дәстүрге, ата-баба аманатына деген құрмет азайып бара жатқан сияқты. Сондықтан, әрбір отбасының ертеңгі келбеті, ондағы жас буынның қалай өсіп жатқаны, оны қалай тәрбиелеп жатқанымызды біз, ата-ана, үнемі естен шығармауымыз керек. Ол үшін құрған отауымыздың іргетасы мықты болып, шаңырақтағы береке-бірлік, ынтымақ, тәрбие, жауапкершілік қағидаттары берік болуы қажет.

Осы орайда, Алақол аудандық аналар кеңесі «Ақ отауға – ақ бата» жобасын құрып, 2018 жылдан бері жұмыс істеп келеміз.

«Ұл айтқанды қош көрмес, Ата үлгісін көрмес».

Қыз жарытып ас бермес, Ана үлгісін көрмес»,- дегендей, аялап өсірген ұл мен қызымызды ата-баба дәстүрінен, аға ұрпақ өнегесінен алыстатпай тәрбиелеу – біздің басты міндетіміз деп білеміз. Ата-баба дәстүрі дегенде, әрине, мен көзсіз, сол кешеден келе жатқан әдет-ғұрыптың, мінез-құлықтың керекті-керексізін қабылдай бер дегенді кеңес еткелі отырған жоқпын. Әр нәрсе уақыт рухына, заман талабына, қоғам келбетіне қарай, әр ұрпақтың өзіне ұстанар этикасы, мәдени бағдарламасы болуы заңды. «Дәстүрдің озығы да, тозығы да бар» демекші оның да дамуы, таралуы, талғамға, танымаға байланысты. Үрдіс біткеннің бәрін оңды-солды бойыңа сіңіре бер деген жалпылама нұсқау берушіліктен де аулақ болуымыз керек. Замана ағымын ескермеуге хақылы емеспіз.

Десек те, ұлттымыз бойына үлгі тұтар өнеге, әдемі дәстүр, дәрежелер жеткілікті. Ардақ тұтар батырларымызды, үлгі тұтар аруларымызды, ғалымдарымызды, әр саладағы майталмандарымызды ұялмай ұрпағымызға үлгі ете отырып, тәрбие құралы етуге өте лайықты. Туған жерінің әр бір түлегі кешегі өткен бабалар жайлы біліп, өткен өмірден хабардар

болуы керек. Әр адамның бойында адамгершілік биік мұрат, адалдық пен адалдыққа үндейтін азаматтық болмыс болуы қажет. Халық үшін қабырғасы қайысып, адам мен қоғам өміріндегі өзгерістерге бей-жай қарамайтын тұлға болып

болуы;

- Ене мен келіннің арасындағы сыйласымдылық;
- Жеңге мен қайынсіңілі арасындағы жарасымдылық;
- Шаңырақ көтеріп жатқан жастардың екі әулетке деген

беруді өтінеміз. Қазақ үйдің мәкетін қолдарына ұстап тұрып, жас жұбайлар ата-баба ұлағаты алдында, мемлекет пен халық алдында ант береді. Екі жастың ата-анасын неке тіркеу алаңына шақырып, жастарға деген сенім-ризашылығын білдіруін сұраймыз. Осыдан кейін жастардың некесін тіркейтін құжатқа қолдарын қойғызып, өзіміз дайындаған ант кітапшасын тапсырамыз да, жастарды тойдың төріне шығарып саламыз.

Тойдан кейінгі күндердің бірінде той иелерімен хабарласа отырып, кеңес мүшелері «Келін шай» ішуге ниет білдіріп, барып қайтамыз. «Келін шай» ырымын ұйымдастырудағы мақсатымыз: жаңа түскен келіннің барған шаңыраққа икемделуін, енесімен қарым-қатынасын, қайынсіңілісімен байланысын, олардың арасындағы сыйласымдылығын байқаймыз.

Сонымен қатар, кейінгі кезде «Құрсақ шашу» ұйымдастыруды да қолға алып жүрміз. Мақсатымыз: жас келіннің өзін қоршаған ортамен, отбасымен қарым-қатынасының үйлесімділігін, ана болуға дайындығын, отбасы мүшелері арасындағы береке-бірлікті бақылаймыз.

Бұл жобаны дайындап өткізудегі басты бағытымыз: ұл – ұятымен, қыз – қылығымен ардақты екенін үйрете отырып, өздері құрған шаңырақтарының ұйытқысы болуға, жанұя түтінінің түзу шығуына адамгершілікпен қарауға баулу болып табылады. Жастар бойына ұлттық болмысты қалыптастыру арқылы өрелі де өнегелі жанұя тәрбиелеуіміз керек. Өйткені, біз бағы жанған, басына бақыт қонған баянды халықпыз. Біз – тарихымызды түгендеп, тағдырымыздың түйінді кезеңіне қол созған ұрпақтық. Біз – көз алдымызда жаңа мемлекеттің туғанын, оның қалыптасып, аяғына нық тұрғанын көрген ұрпақтық. Тар жол, тайғақ кешуді басынан өткеріп, ауыртпалықтың бәрін жеңген, жасампаздықтың жемісін жеген халықтың ұрпағымыз.

Бүгін де біз іргеміз сөгілмейтін мәңгілік елге айналдық. Арқасүйер Ата Заңымыз бар. Достығы жарасқан «Қазақстан Халықтар Ассамблеясы» берік қорғанымыз.

Ендеше, жаңа ғасырдың есігін ашып отырған жастарға жақсы мінез, жақсы сөз, мейірім, қанағатшыл бола отырып, елін, жерін құрметтеп, Отанын сүюге, шаңырағын шайқалтпай, ел намысы үшін еңбек етуге бағыттауымыз қажет.

Алты жылдан бері істелген жоба жұмысының нәтижесі өте ауқымды. Жоба жұмысы көңілге қуаныш ұялатып, ізгі ниеттерге бастайды деп сенемін. «Ақ Отауға – ақ бата» жобасының аясында өткізіліп, некесін ұлттық дәстүрде тіркеген 200-ден астам отбасының біреуінің де шаңырағы шайқалмай, үлгілі жанұяға айналды. Жобаның 300-ден аса немересі ата мен әженің, әке мен ананың тәрбиесімен сусындап, алаңсыз өсуде.

Иә, ұлтын ойлаған – ұрпағын түзейді. Қарап тұрсақ, біздің қоғамда адамның бақыты өз қолында. Қолға қонған бақытты аялап, өмірге өзек, тіршілікке тірек ету – әр отбасының мақсатты жолы болу керек.

Елімізде жандары жарасқан жанұя көп болсын!

Ұлжалғас БУРАСАНҚЫЗЫ,
Алақол ауданының
Құрметті азаматы,
аудандық аналар кеңесінің
төрайымы.

қалыптасу – азаматтық міндет.

Ал, тұлға болып қалыптасудың іргетасы отбасында қалана-тыны бәрімізге белгілі. Өйткені, Отан – отбасынан басталады. Бақыт та, намыс та, тәрбие де, адамгершілік те, жауапкершілік те, сан тармақты махаббат та халқымыз кие тұтқан ақ отаудың табалдырығынан бастау алады емес пе?!

Адам өміріндегі ең бір қызықты да, қуанышты белең – оның үйленіп, жеке отау тігуі. Адам жаны – небір жақсылық пен кереметтің, ізгі ниеттің қайнар көзі. Адамның сыр сандығын, ішкі дүниесін бүкпелі жайып, ең алдымен көзге ілінер – ар дейтін асыл қазына. Осы адами қасиеттерден нәр алып, бастау биіктерге нұсқайтын шыңы – Ақ бата.

Ертеден келе жатқан тамаша салт-дәстүрлеріміздің ішіне кіретін де – Бата. Әдетте бата ауылдың үлкен абыз ақсақалдарының, жолы үлкен адамның үлесіне тиген. Бата қандай жағдайда берілмесін, ол адамды кісілікке, имандылыққа, мейірімділікке тәрбиелейді.

Ендеше, Алақол аудандық аналар кеңесінің «Ақ отауға – ақ бата» жобасы тұрмыста тұрақты, махаббатта уәдеге берік, қызметте ұстамды, тәрбиеде иманды, өмірде адал, отбасын тәрбиелеуге үлесін қосады.

Бұл жобаның басты мақсаты:

- Жастарды ата-баба дәстүрімен, аға ұрпақ өнегесімен тәрбиелеу;

- Жас отау иелерінің бойына адамгершілік рухты қалыптастыра отырып, жаңа көтерілген жас отаудың керегесінің берік болуына жол сілтеу;

- Келін болу – өз ұрпағының ғана емес, тұтас ұлт ұрпағының жауапкершілігін мойынына жүктеу екенін ескерту;

- Бір-біріне адал серік болып, ақылы мен мейірімі шынайы, жаны таза, парасатты жанұя қалыптастыру;

Жобаның міндеттері:

- Жанұялық одақтың берік болуы;

- Ағайын-туғанға мейірімділік;

- Отбасындағы береке мен ынтымақтың шынайылығы;

- Шаңырақ көтеріп жатқан жастардың некесіне адал болуы;

- Зерделі, ұлттық рухқа мықты

адалдығы.

Осы мақсаттар мен міндеттерді орындау барысында аналар кеңесі қомақты жұмыс атқарды. Біз некені тіркеу орталығымен тікелей байланыста болып, некелерін заңдастыруға арыз берушілерді зерттейміз. Олардың ата-аналарымен, яғни, қос құда-құдағимен сұхбат өткіземіз. Одақ құруға келіскен екі жасты психолог-маманмен кездестіріп, олардың жан-дүниесін білуге тырысамыз. Сонымен қатар, бұл жұмысқа ауыл имамдарын да тартамыз.

Үйлену тойы болатын күні тойдың алдында немесе той үстінде беташар болғаннан кейін жастардың некесін ұлттық дәстүрде тіркеуді ұйымдастырамыз. Бұл мақсатта арнайы безендірілген орында жастарға некенің ұлт болашағы алдындағы парызын түсіндіре отырып, сұрақ-жауап әдісімен сұхбаттасамыз.

Мысалы (күйеу жігітке): - Еліңнің, ата-ананың, жарыңның алдында өзіңе қандай міндет қояр едің? «Әке» деген кім? Отбасындағы отағасының қоғамдағы рөлі қандай? «Әке – асқар тау» деген теңеу қандай әкеге айтылады? Сонымен қатар бірнеше жағдаяттық (ситуациялық) сұрақтар қойылады.

Қалыңдыққа: - «Келіні жақсы үйдің - керегесі алтын» дейді ата-бабамыз, осыны қалай түсіндіресің? «Отбасының ұйытқысы жарасымды ене мен келін» дегенді түсіндіріп көрші? «Жақсы әйел - құт береке» деген қағидатқа не айтар едің? «Жақсы келін – әулеттің айнасы» дегеннің негізгі айтпақ ойы қандай? Болашақ келінге де осындай бірнеше жағдаяттық (ситуациялық) сұрақтар беріліп, жауаптар алынады.

Осындай ұлттық тәрбие мен мемлекеттік жауапкершілікті ұштастыра отырып, жұптың екеуіне де бірнеше сұрақтар қойылады. Келесі кезекте дін қызметкерінің қолынан неке суын ішкізіп, бір-біріне неке жүзіктерін тапсыруды сұраймыз.

Әрі қарай халқымыздың символына айналған, ішіне шырақ жанған қазақ үйдің мәкетін ұсына отырып, әулеттің үлкенін ортаға шығарып, көтерілген жас отаудың шаңырағына «Ақ бата»



Мың рахмет саған, дәрігер!

Алғыс пен қарғысты қоса арқалап жүретін ақ халатты абзал жандардың еңбегі зор, жұмысы шаш етектен. Қиын-қыстау кезеңдерде ажалмен алысып, адам өмірін сақтау үшін шыр-пыр етіп жүретін дәрігерлердің қоғамдағы орны бөлек болуы тиіс. Соғыста да, қақтығыста да, апатта да бірінші дәрігерлер жүретіні рас. Бейбіт күннің қаһармандары деуге әбден лайық дәрігерлерге алғыстан басқа айтарымыз жоқ.

Дәрігер деген – кең ұғым, қастерлі мамандық. Бағалай білген кісіге медицина қызметкерлерінің тұғыры таймас биік шың. Жалпы медицина қызметкері болу адамға денсаулық, тіпті кейде өмір сыйлау деген сөз іспетті. Бұл мамандық иелерінің жауапкершілігі де мол, атқаратын жұмыстары да ауқымды.

Арудың жасқа да, кәріге де қарамастан, ұрымтал жерден соға беретіні ақиқат. Сондықтан ине мен пышақты өмірлеріне серік еткен ақ халатты, алтын қолды дәрігерлер қауымына бесіктегі баладан төрдегі қартқа дейінгі адамдардың айтар алғысы шексіз екендігіне ешқандай шүбә жоқ.

Қиналғанда көмек сұрап, ауырғанда шипа іздеп алдына

барған кез келген науқасқа қолдау көрсететін, өмірлеріне қауіп төнген сәтте араша түсіп, тіпті кейде екінші рет өмір сыйлап жататын ақ желеңді абзал жандар. Олар денсаулық сақтау саласында аянбай тер төгіп, ұзақ жылдар бойы жемісті еңбек етіп қана қоймай, халықтың ықыласына бөленген мейірімді жандар. Шынында дәрігер болу – үлкен мәртебе. Мамандықтың бәрі жақсы, дегенмен дәрігер мамандағының қиын болса да, абыройлы да, қастерлі жақтары көп екендігін ескерген жөн.

Адам өміріне араша түсетін дәрігерлік мамандықты таңдау үлкен жауапкершілікті жүктейтіні белгілі. Жалпы дәрігер болғысы келетін жандар көп екендігі айтпаса да түсінікті, алайда екінің бірі дәрігер бола алмайды. Тек адам анатомиясын терең зерттеуге қабілеті жоғары, жиіркенбейтін, қорықпайтын, науқастың тағдырына немқұрайлы қарамайтын, күйзеліске төзімді, жүйкесі мықты жандар ғана осы салада жұмыс жасай алады.

Денсаулық – кез-келген адам үшін баға жетпес байлық! Адам өмірін ұзартуға септігін тигізіп, ажалдан арашалаушы дәрігер мамандығын халқымыз ежелден қастерлеп, құрметтеген. Дәрігер мамандығы – аса жауапкершілікті, шыдамдылықты, өз ісіне деген

сүйіспеншілікті қажет ететін ұлы мамандық. Дәрігер – адам жанының арашасы, адам жанының зерттеушісі, бағдаршамы, қорғаны. Адам өміріне араша түсетін дәрігерлік мамандықты таңдау үлкен жауапкершілікті жүктейді. Сол себепті де, құрметті дәрігерлер, сіздерге сарқылмас қайрат пен еңбектің адал жемісін тілеймін! Адам жанын арашалауда, кәсібі біліктілік пен асқан жауапкершілігіңізді көрсете отырып халықтың алғысна бөлене бергей-сіздер.

Жас пен кәріге, жалпы адамзаттың бәріне көмек қолын созып, жанын қоярға жер таптырмай азаптаған ауруынан айықтырып, ақ халатты періштедей көз алдында көлбеңдей жүріп, жанына дауа, тәніне шипа болардай ем беріп, сөзінің тәттісімен, көзінің жақсысымен науқастың көңілін көтеріп, өмірге деген құлшынысын арттырып, ертелі-кеш ерінбей, ел үшін еңбек етіп, халықтың алғыс-сауабын арқалаған ақ халатты абзал жандар.

Мансаптың да, қызметтің де, атақтың да, байлықтың да дәрігер үшін құны көк тиын. Дәрігерге ең қажеті - адамның денсаулығы, оның тағдыры. Науқас адам жанына дәру іздеп, дәрігерге барары хақ. Үмітке үміт жалғап, ғұмырдың ұзақтығын сабақтастырып жататын да осы дәрігерлер.

Ойланып қарасаң, күллі байлықтың жиынтығы не ақша, не болмаса таудай үйілген алтын емес, деннің саулығы ғана. Сол себептен, басымыз ауырып, балтырымыз сыздай қалса ем іздеп, бәріміз алдына баратын дәрігерлер қауымының қоғамдағы орны ерекше. Олардың әр еңбегін бағалап отыру, оларға деген құрметімізді көрсетеді. Ақ халатты абзал жандардың еңбектері қандай марапатқа болса да лайық.

Б.САЯТОВА,
облыстық мәслихат депутаты.

Жүрекжарды

АЛАКӨЛДІК ПОЛИЦЕЙЛЕРГЕ АЛҒЫСЫМ МОЛ...

Қазақ ежелден «Малым жанымның, жаным арымның садағасы» деп, төрт түлік төлін кәсіп еткен халық. Сол бағыттан таймай, өзім де бала-шағаның қамы, ұрпақтың несібесі деп мал шаруашылығымен айналысып жүргеніме біраз жылдың жүзі болды. «Мал баққанға бітеді» демекші, тәуба, адал еңбектің арқасында қорамыз қойға, ауламыз ірі қараға толды.



Өмір болған соң, ақ пен қарасы қатар жүретіні рас. Осыдан біраз уақыт бұрын маңдай термен өсіріп, күн-түн уақытымызды сарп еткен бес бас ірі қарам жоғалып, сергелдеңге салынған едік. Бейбіт күнде бес бас малымды барымта қылғандарды таппай, үмітім үзілер сәтте Алакөл аудандық полиция бөліміне жүгіндім.

Темірдей тәртіптің иесі атанған сақшылар жылы қабақпен қарсы алып, арыз-шағымымды тыңдап, тіркеді. Шаруамды тәмамдап, жоғалған мүлкім табылады ма деп үйіме оралдым. Жұмыс барысын анда-санда сұрап, хабарласып қоямын. Қарастырып жатырмыз, іздестірудеміз деп жауап қайтарады.

Көп ұзамай полиция қызметкерлері хабарласып, малымның табылғанын хабарлағанда телпегімді көкке лақтырып қуанғаным жасырын емес. Себебі, маңдай термен тапқан дүнием өзгенің еншісінде өтеусіз кетсе мұң.

Осы ретте Алғыс айту күнінде Алакөл аудандық полиция бөлімінің қызметкерлеріне, жұмыстарын абыроймен атқарған тәртіп сақшыларына шынайы рахметімді жеткізім келеді. Ел тыныштығы мен заң үстемдігін қадағалап, біздің берекелі ғұмырымыздың бейбіт болуына қосып жатқан үлестері өлшеусіз. Сол абырой биігінен төмендемей, тек биіктерден көрінулеріне тілектеспін.

Қайрат БАЯНБАЕВ,
Бескөл ауылының тұрғыны.

Спасибо, учителя!

Максиму Горькому принадлежит слово о том, что в душе каждого ребенка есть невидимые струны, если тронуть их умелой рукой, они красиво зазвучат. Эти струны умеют находить учителя в каждом ребенке. Они отдают им свою душу и сердце, не жалея сил и времени. Замечательные педагоги, подлинными мастера своего дела, они подготовили к самостоятельной взрослой жизни немало выпускников юных подростков. Их бывшие ученики сегодня успешно работают в самых различных сферах деятельности, но всех объединяет одно – чувство благодарности любимому учителю. Для многих из них, знания, полученные на уроках, стали настоящим ориентиром в выборе дальнейшего пути. Подводя итоги за эти годы, многие из них говорят, что со школьной скамьи мечтали стать учителями. Поэтому целенаправленно шли к поставленной цели и сегодня могу с уверенностью сказать, что счастливы, так как

очень любят детей и свою работу. Атмосфера, которая царит на их уроках – это атмосфера поиска, достижений и творческих открытий. Описать словами всю сложность и одновременно новизну занятий трудно. Это незаметное для ребят целенаправленное руководство. План работы составлен гибко, и в то же время неизменно приводит к поставленной теме, над которой работают педагоги. Основное достоинство уроков – внедрение электронных учебников, интерактивной доски, мультимедийных средств, что приводит учащихся к самореализации и самосовершенствованию. В союзе с учителем воспитанники побеждают в творческих конкурсах разного уровня.

Они принадлежат к числу тех педагогов, которые совмещают в себе огромный преподавательский опыт, громадный объем знаний и по настоящему творческое, душевное отношение к

самому процессу обучения школьников. Про таких людей говорят, что они работают «с огоньком», отдавая делу всего себя... Их педагогическое мастерство невозможно оценить никакими разрядами и квалификациями. Таких педагогов называют просто – Учителем с большой буквы.

В настоящее время каждый день учителей расписан по часам, уроки, родительские собрания, различные мероприятия, ведь многие учителя являются классными руководителями.

Выражаем вам глубокую благодарность и признательность за ваш педагогический талант, доброту, искренность, за вклад, который вы вносили в воспитание и обучение наших детей!



Ваш высокий профессионализм, безграничное терпение помогали нашим ученикам раскрыть свои способности, получить прочные знания и навыки!

Благодаря вам, дети живут в дружном коллективе, считают школу своим вторым домом, а класс-большой дружной семьей.

От всей души желаем вам крепкого здоровья, терпения, жизнерадостности, успехов в вашем нелегком, но очень значимом деле!

Мы, родители ваших учеников, очень благодарны вам за проявленное внимание, заботу и мудрость, которой вы всегда стремитесь поделиться с новым поколением!

Есть выражение «заслуженный учитель». А заслуживает такой учитель всеобщее уважение и нашу с вами благодарность. Мы благодарим вас за ваш нелегкий, но благородный труд. Спасибо за внимание, понимание и заботу о детях. Вы много сил и терпения отдаете ученикам, делитесь знаниями, проводите воспитательный процесс. Все родители спокойны, когда дети в школе. Потому что доверяют именно вам самое дорогое, что у них есть, то есть своих детей. И вы оправдываете наше доверие. Наши дети отзываются о вас с любовью и уважением. Время, проведенное с вами, благотворно влияет на детей и приносит свои плоды в виде знаний и прилежного поведения. Спасибо вам от всех родителей!

Н. САМЕНБЕТОВА,
жительница города Ушарал.

Зимний отдых

Рыбакам мороз не страшен!

В очередной раз прошел традиционный дружеский турнир «Алаколь-2024» любителей подледного лова на озере Алаколь. На этот раз местом его проведения стал поселок Акши, вернее урочище «У Щукаря». И морозная погода не стала препятствием для настоящих рыбаков - их сюда приехало более 50 человек и не только из нашего района. Были гости из соседней области Абай и даже Алматы. Так, что вместе с болельщиками на льду озера в спортивном празднике приняли участие почти 100 человек!

Организаторы соревнований: магазин "Причал", акимат Алакольского района и РГУ "Балхаш - Алакольская межобластная бассейновая инспекция рыбного хозяйства". Спонсоры (а как же без призов!) выступили магазин "Причал" города Ушарал"; ТОО «Ник-Ойл» официальный дистрибьютор ООО «Газпромнефть-СМ» nik-oil.kz. В судейскую группу вошли: главный судья - Кошкин Максим, судьи – Жуманкулов Калихан, опытные рыбаки Мягкова Ольга и Верховых Ирина. Состоялось торжественное открытие турнира, на котором его участников тепло поприветствовали руководитель район-

ного отдела внутренней политики, культуры, развития языков и спорта Айтахметов Бейбит и владелец магазина «Причал», предприниматель Кошкин Максим.

После чего регистрация, обязательный инструктаж, ледобуры в руки и вперед на лед. Где был определен и размечен флажками участок радиусом в 200 метров. Участникам соревнований разрешалось использовать не более трёх зимних снастей, а так же применение любых наживок и прикармливание рыбы. На каждую снасть допускалось размещение не более двух крючков (тройников, блесен, мормышек).

И, как говорится, процесс по-



